



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



№ 12 (1854) Жұма, 28-наурыз 2025 жыл Республикалық қоғамдық-саяси газеті



«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ» БІРЫҢҒАЙ МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛІ

Мемлекет басшысы «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» медалі туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

«Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалі туралы

2025 жылғы 26 наурыз

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнінің 80 жылдығы құрметіне, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің ерлігіне, қаһармандығы мен қайсарлығына терең құрмет көрсете отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалі тағайындалсын.
2. Мыналар:
 - 1) «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалімен наградтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);
 - 2) «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалінің сипаттамасы бекітілсін.
 3. Қағидаларға сәйкес Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері және өзге де адамдар «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалімен наградталсын.
 4. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 26 наурыз
№825

«Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 26 наурыздағы №825 Жарлығына ТҮСІНДІРМЕ

1. «1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалін тағайындау туралы» Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекет басшылары кеңесінің 2024 жылғы 10 маусымдағы шешімі «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске

80 жыл» бірыңғай мерекелік медалі туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасын (бұдан әрі – Жарлық жобасы) әзірлеу үшін негіз болып табылады.

2. Мерекелік медальмен:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде, майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері;



2) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қимылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол учаскелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылысжайларында жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен

астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілер;

3) майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

(Жалғасы www.taldykorgan-online.kz желілік басылымында).



Талдықорғанда өткен сенбілікте облыс әкімі Бейбіт Исабаев, мәслихат депутаттары, мемлекеттік және бюджеттік мекеме-ұйымдардың қызметкерлері, жастар өкілдері, қала тұрғындары тазалық шараларын атқарды.

– Наурыз – еліміздің береке-бірлігі мен ынтымағының жарқын көрінісі.

Наурыз айы басталғалы мәдениетімізді, дәстүрімізді танытатын ұлттық киім киіп жүрміз. Бүгін бәріміз сенбілікке жақсы көңіл күймен маңайымызды, орталық саябақты тазартуға келдік. Біз бұл саябақты балалар саябағы деп те атаймыз. Қаланың тазалығын сақтау, оған атсалысу –

ЭКОАКЦИЯҒА 15 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ҚАТЫСТЫ

Жетісу облысының барлық елді мекендерінде Тазару күніне орай сенбілік өткізіліп, оған жалпы саны 15 480 адам қатысты.

әрқайсымыздың күнделікті үлесіміз болуы керек, – деді Жетісу облыстық Іскер әйелдер кеңесінің төрағасы Римма Салыкова.

Облыстық мәслихат депутаты Гүлназ Мұстапа да пікір бөлісті:

– Наурызнама онкүндігінің Тазару күнінде бүкіл облыс болып сенбілік өткізілуде. Санитарлық тазалыққа бәріміз де өз үлесімізді қосып жатырмыз. Бүгінгі белгіленіп берген аумақты ғана емес, жалпы өзіміздің жүрген-тұрған жерімізді түгел, жалпы маңайымызды таза ұстап үйренуіміз керек. Сонда ауа да таза болады, жастарға да жақсы үлгі көрсетеміз. Айналамызды тазарту арқылы біз көңілімізді де, жүрегімізді де таза ұстаймыз, өмірімізде де, жұмысымызда да реттілік болады, – деді ол.

Сенбілікке қатысушы мемлекеттік қызметші Айгүл Шнырбаева да белсенділік танытты:

– Қоршаған ортаға деген қамқорлыққа, туған қаламызға туған үйіміздей қарауға балаларды отбасында жастайынан дағдыландыруымыз керек. Сондықтан осындай түрлі экологиялық акцияларды жиі-жиі өткізіп тұрған дұрыс. Бұл – ең алдымен біздің балаларымыздың болашағына деген қамқорлық, – деді Айгүл Қапасқызы.

Сенбілік аясында облыс аумағындағы 141 саябақ пен скверлерге санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді. 183 техника жұмылдырылып, 1 320 тонна қоқыс шығарылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



Вице-министрдің жұмыс сапары Талдықорған қаласының әлеуметтік мекемелерін аралаудан басталды. Асқарбек Ертаев «Асар» спорттық-оңалту, белсенді ұзақ өмір сүру, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету мен «Жанұя» отбасын қолдау орталықтарының, аутизм және басқа да менталды бұзылыстары бар балаларға арналған күндізгі болу орталығы мен «Қамқор» арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының қызметімен танысты.

Сонымен бірге еңбек вице-министрі «Теп Қодат» әлеуметтік қолдау орталығында болып, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесу өткізді. Асқарбек Ертаев 2024 жылғы желтоқсанда қабылданған 2030 жылға дейінгі ҚР инклюзивті саясат тұжырымдамасын іске асыру кезеңдері туралы айтты.

«Осы жылдан бастап Тұжырымдама-ның 52 іс-шараны көздейтін 13 негізгі бағытын іске асыру бойынша жұмыс басталады. Салалық министрліктер мен жергілікті атқарушы органдар жауапты орындаушылар болып табылады. Жергілікті атқарушы органдарға 14 іс-шара бекітілді, оның ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтердің әлеуметтік алушыларын есепке алу және мониторингілеу жөніндегі өңірлік картаны өзектендіру, мемлекеттік-жеке иелік әріптестік тетіктерін қолдануды қоса алғанда, үлгілік жобалау-сметалық құжаттама негізінде оңалту орталықтарының құрылысын аяқтау және т.б. бар», – деп атап өтті Асқарбек Ертаев.

Сондай-ақ, кездесу барысында Әлеуметтік қызметтер порталын (бұдан әрі – Портал) жетілдірудің өзекті мәселелері

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТҰЖЫРЫМДАМА БАҒЫТТАРЫ ІС ЖҮЗІНДЕ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаев Жетісу облысына жұмыс сапары барысында үкіметтік емес ұйымдармен, арнаулы әлеуметтік қызмет алушылармен және оларды ұсынатын ұйымдардың ұжымдарымен бірқатар кездесулер өткізді, сондай-ақ азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

қаралды. Бүгінгі таңда Порталда 938 оңалтудың техникалық құралдарын (бұдан әрі – ОТҚ) жеткізушілер, 31 мыңнан астам жеке көмекші қызметін, 756 ымдау тілі қызметін көрсетушілер, 129 санаторий-курорттық ұйым тіркелген. Жыл басынан бері Портал арқылы ОТҚ және қызметтермен қамтамасыз ету бойынша 127,8 мың іс-шара немесе қажетті қызметтердің 45,5% іске асырылды.

«Министрлік Әлеуметтік қызметтер порталын жетілдіру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде. ОТҚ бағасын көтеру, ОТҚ мен қызметтерді қолма-қол ақшаға айналдыру үшін мүгедектігі бар адамдармен жеткізушілердің сөз байласуына жол бермеу, жазғы кезеңдерде санаторий-курорттық ұйымдарда мүгедектігі бар адамдар үшін төсек-орындардың болмауы және т.б. мәселелерін шешу үшін кепілдік берілген соманы айқындау әдістемесінің, жеткізушілерді орталықтандырылған тіркеудің және ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы ОТҚ мен қызметтерді жіберудің өзгерістері пысықталуда», – деп хабарлады Асқарбек Ертаев.

Сонымен қатар, әлеуметтік-техникалық сараптама қызметін енгізу мәселелері талқыланды.

«Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың Ұлттық ғылыми орталығын трансформациялау аясында әлеуметтік-техникалық сараптама қызметін енгізу жұмыстары басталды. ҰҒО базасында ОТҚ жөндеу, қызмет көрсету, жұмыс жағдайында ұстау үшін әлеуметтік-техникалық қызмет ұйымдастырылды. 4 пилоттық өңірде (Абай, Павлодар, Қызылорда облыстарында және Шымкент қаласында) әлеуметтік – техникалық комиссия құрылды», – деп хабарлады вице-министр.

Жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде мүгедектігі бар адамдарға берілетін жекелеген техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарға, арнаулы жүріп-тұру құралдарына әлеуметтік-техникалық сараптама ұйымдастыру және жүргізу қағидалары әзірленді. Сервистік цехта ОТҚ қажеттілігін міндетті бағалай отырып, ОТҚ-ны жалға беру, жөндеу және қызмет көрсету мәселелері пысықталуда.

ҰЕҰ-мен кездесуден кейін Асқарбек Ертаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты

ЗАҢ АЯСЫНДА

ОБЛЫС ӘКІМІ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Кезекті қабылдауға жазылған үш тұрғын жер және тұрғын үй мәселелері бойынша жүгінді.

Сарқан қаласының тұрғыны, еңбек ардагері Н. Тазанова өзіне бір кездері пайға берілген жердің қазіргі даулы мәселесі жайлы баяндап, оны меншігіне қайтарып алғысы келетінін жеткізді. Мәселенің мәнісін анықтай келе, облыс басшысы бұл істің түбегейлі тек сот арқылы шешілетінін айтып, бұл ретте аудан әкімдігіне ардагер-

ге құқықтық жағынан кеңес беріп, заңдық тұрғыда қолдау көрсетуді тапсырды.

Сол сияқты қабылдауда баспана мәселесін көтерген талдықорғандық екі тұрғынға тұрғын үй қатынастары туралы заңның талаптары түсіндірілді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



«АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ

2,5% НЕСИЕЛЕР АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРАДЫ

Ауыл шаруашылығы ел экономикасындағы басым салалардың бірі болып табылады. Ауылдық жерлерде Қазақстан тұрғындарының 38%-ы тұрады, бұл шамамен 7,6 млн. адамды құрайды. Кірістерді арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру мемлекеттік саясаттың басым міндеттері болып табылады. Осыған байланысты, Президенттің тапсырмасы бойынша 2023 жылы іске қосылған «Ауыл аманаты» бағдарламасы көптеген адамдар үшін өз бизнесін бастауға, оны дамытуға, өз өңірінің дамуына үлес қосуға мүмкіндіктерін ашуда. «Ауыл аманаты» – «Қуатты өңірлер-ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына кіретін бірегей жоба.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы кәсіпкерлікті дамыту үшін, әсіресе мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы салаларында жеңілдікті кредиттер беру арқылы ауылдық жерлер мен шағын қалалардың тұрғындарын қолдауға бағытталған. Несиелер жылдық 2,5%-бен 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жылға дейін беріледі. Қарыздың ең жоғары сомасы 2,5 мың АЕК-ке дейін, ал ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін – 8 мың АЕК-ке дейін құрайды.

2025 жылы жаңа шағын несие беру-

ге және 8,1 мың жұмыс орнын құруға 50 млрд теңге қарастырылған. Рәсімдердің ашықтығын, өтінімдерді өңдеуді біріздендіруді және деректердің егжей-тегжейлі мониторингін қамтамасыз ететін микрокредиттеудің ақпараттық жүйесін енгізу жоспарлануда. Жүйе мемлекеттік деректер базасымен интеграцияланатын болады, бұл бағдарлама жұмысының тиімділігін арттырады және өтімді беру мен кредит алу үдерісін жеделдетеді.

2023-2024 жылдары Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 120 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражат 107,9

млрд теңге сомасына 16,2 мыңнан астам шағын несие беруге мүмкіндік берді, 17,8 мың жаңа жұмыс орны құрылды.

Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері өңірлерде 540-тан астам ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылды, олардың 537-сі 12,1 млрд теңге сомаға қаржыландыруды алды.


Бағдарламаның негізгі элементі облыс әкімдіктеріне қосымша бюджет қаражатын тартпай, кәсіпкерлікті дамыту және кірісті ұлғайту үшін ауыл тұрғындарының шағын несиегерге қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік беретін револьверлік кредиттеу

тетігі болып табылады. Қарыз алушылар револьверлік әдіспен қайтарған қаражат есебінен қосымша 7 млрд теңге сомасына 1 мыңға жуық микрокредит берілді.

Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері қатысушылар 1,2 млрд теңге сомасына салық төледі. Ақтөбе, Түркістан және Жамбыл облыстары көшбасшы болып табылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда тауарлық кредиттер беру тетігін іске асыру жөніндегі жол картасы бекітілді. Бұл тетік бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде жүзеге асырылады, ал ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған ауыл шаруашылығы жануарлары, жабдықтар, көшеттер және басқа да құралдар түріндегі тауарлық кредитті орта және ірі ауыл шаруашылығы бизнесінің өкілдері АӨК субъектілеріне және жеке тұлғаларға, оның ішінде жұмыссыздарға және кепілді мүлкі жоқ атаулы әлеуметтік көмек алушыларға беретін болады. Әрине, бұл құрал, сайып келгенде, ауыл халқының табысының өсуіне және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Өңірлерде тауарлық несие ретінде 300-ге жуық жылқы, 1600 бас ірі қара және 4,5 мыңнан астам ұсақ мал бөлінген.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы қуатты және дамыған ел құру жолындағы маңызды қадам болып табылады. Ауылдық аумақтарды дамыту, халықтың табысын арттыру және жұмыс орындарын құру Қазақстан экономикасын нығайтуға ықпал етеді. Өңірлер мен ауыл тұрғындарын қолдау бүкіл ел үшін қозғаушы күшке айналып, оның одан әрі өсуі мен дамуына ықпал етеді.





ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

ИНДУСТРИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ –
ОСНОВА ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА

Сегодня область Жетісу – это новые возможности и огромный потенциал для выгодного вложения инвестиций. Какие инвест-проекты реализованы в 2024 году и какие заложены в план будущих лет, рассказал заместитель руководителя управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития Еркнат Кажымуканулы.

Как сообщил Еркнат Кажымуканулы, по итогам прошлого года в области реализованы 49 проектов стоимостью 45,5 млрд тенге, с созданием 1231 рабочего места. Большая часть из них осуществлена в сферах сельского хозяйства, промышленности, транспорта и логистики и других.

К наиболее крупным проектам относятся Верхне-Басканская ГЭС 2, общей мощностью 13 МВт (ТОО «Baskanpower») и строительство комбината по добыче и переработке золотосодержащих руд (ТОО «Aksenger») в Саркандском районе, Город ремесленников в МЦПС «Хоргоос» (ТОО «INTERNATIONAL CASTLE») в Панфиловском районе и завод по производству промышленных аккумуляторов (ЧК «ASMA Industrial») в Талдықоргане, - отметил замруководителя.

В прошлом году объем инвестиций в основной капитал составил 522,3 млрд тенге, ИФО – 143,1% (2023 год - 356,7 млрд тенге); объем внебюджетных инвестиций – 394,2 млрд тенге, ИФО – 167,3% (2023 год - 230,2 млрд тенге). В этом году по плану (согласно декомпозиции МНЭ РК) ожидается 573,5 млрд (ИФО - 104,1%) и 430,5 млрд тенге (ИФО – 103,5%) соответственно.

Внешнеторговый оборот области со всеми странами за 11 месяцев 2024 года составил 2,4 млрд долларов США, в том числе экспорт - 172 млн долларов США, импорт - 2,2 млрд долларов США.

На 2025-2027 годы, по словам специалиста, в регионе запланирована реализация 128 проектов на общую сумму 2,6 трлн тенге с созданием 10,6 тыс. рабочих мест, из них в текущем году – 53 проекта на сумму 78,5 млрд тенге.

Основное внимание будет уделено нескольким крупным перспективным проектам, а именно строительству:

- индустриального парка «Казахстанско-китайский международный промышленный город» общей площадью 1000 га на 330 млрд тенге с созданием более 2 тысяч рабочих мест. В настоящее время ведутся земляные работы на 200 га и запущена бетонобетонная установка. Реализация I этапа проекта – 2023-2026 гг.;
- международного грузо-пассажирского аэропорта ТОО «SKYHANSА» мощностью 50 тыс. тонн грузов на 250 млрд тенге, с созданием 700 рабочих мест. Завершена разработка проекта технического задания на проектирование для разработки рабочего проекта;
- металлургического комбината ТОО «Консолидированная строительная горно-рудная компания» мощностью 860 тыс. тонн медного концентрата в год на 1,3 трлн тенге с созданием более 2 тыс. рабочих мест. Продолжается поэтапная работа по разработке ПСД по строительству дороги, линий электропередач газопровода, обогатительной фабрики, хвостохранилища и промышленной площадки с объектами инфраструктуры;
- завода по производству ветряных электростанций ТОО «Envision KKS» мощностью 2 ГВт ВЭУ в год/250 комплектов турбин в год, 1 ГВтч СНЭ в год/100 комплектов систем накопления и хранения электроэнергии в год на 21 млрд тенге с созданием 300 рабочих мест. В январе текущего года произведена закладка капсулы. На сегодняшний день ведется разработка ПСД.

Кроме этого, на базе действующего аккумуляторного завода ТОО «Кайнар АКБ» будет построен завод по производству промышленных аккумуляторов стоимостью 10 млрд тенге. Проектная мощность - 220 тыс. аккумуляторов в год, открытие новых рабочих мест - порядка 150. Также в городе Талдықоргане чилийской компанией ME Elemetal планируется строительство завода по производству мелющей среды (стальных шаров). Общій объем инвестиций в проект – около 42,5 млрд тенге. Ожидается создание до 100 новых рабочих мест. В рамках реализации проекта 6 марта этого года Группа KAZ Minerals и компания ME Elemetal уже подписали в Астане офтейк-контракт по поставке готовой продукции, - добавил спикер.

По его словам, реализация указанных проектов приведет к увеличению объема промышленного производства, что положительно скажется на валовом региональном продукте, обеспечит местное население рабочими местами и позволит снизить зависимость импорта от некоторой продукции.

К примеру, завод по производству ветряных электростанций ТОО «Envision KKS» предоставит возможность получить местное оборудование и запасные части ветряных электростанций, которые на сегодня импортируются из других стран; металлопрокатный завод ТОО «Steelers» позволит снизить импорт арматуры (53% всей продукции арматуры, согласно данным Агентства по защите и развитию конкуренции, импортируется Казахстаном извне); производство пакетированного кофе и чая ТОО «Empire Manufacturing Kazakhstan» позволит выпускать отечественную продукцию, которая также на сегодня завозится извне, - подчеркнул Еркнат Кажымуканулы.

Несомненно и то, что реализация проектов окажет положительный эффект в части налоговых поступлений в бюджет и внесет значительный вклад в экспорт и импорт региона. Так, по итогам 2024 года объем налогов составил 54,6 млрд тенге с ростом на 34,8% (в 2023 году - 40,5 млрд тенге). В текущем году ожидаемый объем налоговых поступлений - 55,7 млрд тенге.

А. ЖАНДОСҚЫЗЫ

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

ПОСЕВНАЯ ПЛОЩАДЬ В РЕГИОНЕ
ПРЕВЫСИТ 510 ТЫС. ГА

В области Жетісу продолжается подготовка к весенне-полевым работам. Общая посевная площадь сельскохозяйственных культур превысит 510 тыс. га, в том числе зерновые культуры составят 295,3 тыс. га, масличные - 89,7 тыс. га, сахарная свекла - 12,2 тыс. га, картофель - 6,8 тыс. га, кормовые культуры - 97,3 тыс. га и др. Об этом сообщил заместитель руководителя управления сельского хозяйства Бахтияр Шампииков.

В текущем году в рамках диверсификации ожидается сокращение посевных площадей пшеницы на 2,9 тыс. га, сахарной свеклы – на 1,5 тыс. га, кукурузы – на 1,1 тыс. га и увеличение посевов ячменя на 5,5 тыс. га, масличных культур – на 1,2 тыс. га, картофеля – на 309 га, овоще-бахчевых культур – на 268 га. К слову, посевные площади сладкого корнеплода сокращены, чтобы избежать прошлогодней ситуации с затянувшейся сдачей культуры на сахзаводы.

«В 2024 году, несмотря на намеченный план, крестьянские хозяйства дополнительно посадили сахарной свеклы на 1,5 тыс. га земли, вследствие чего было собрано большее количество урожая и мощностей заводов не хватило на их переработку. В этом году проведена разъяснительная работа с крестьянами, эти 1,5 тыс. га сокращены, и мы думаем, что корнеплод, полученный с запланированных 12,2 тыс. га, будет достаточен для наших двух заводов», - пояснил Бахтияр Шампииков.

Для успешного проведения посевной кампании подготовлено 52,1 тыс. тонн семян яровых сельхозкультур. Лабораторная проверка семян продолжается. На посев сахарной свеклы требуется 17,4 тыс. тонн семян, основной объем которых обеспечат Коксуский сахарный завод и СПК «Жетісу». Семена ими закуплены из Германии, Франции, Америки, Дании, оставшаяся часть которых доставлена в Алматинский аэропорт 24 марта.

Хозяйствам региона потребуется 58,8 тыс. тонн минеральных удобрений, в прошлом году этот показатель составил 49 тыс. тонн. На се-

годня крестьянскими хозяйствами закуплено 29,6 тыс. тонн или 50,4% минеральных удобрений. На складах Казфосфата, Казазота, Косагрокоммерца имеется 5,3 тыс. тонн удобрений.

Для обеспечения нормального проведения весенне-полевых работ аграриям будет выделено 5,5 тыс. тонн удешевленного дизельного топлива. На март предусмотрено 960 тонн дизельного топлива, из них 660 тонн уже доставлены, остальное количество будет завезено в течение двух дней.

В посевной будет задействовано 20,6 тыс. единиц техники, 100% спецтехники уже подготовлена к началу работ.

На проведение весенне-полевых работ в рамках программ «Кең дала-1» и «Кең дала-2»



в 2025 году предусмотрено 14,3 млрд тенге, из них 3,7 млрд тенге уже выделены. По словам руководителя отдела «Аграрной кредитной корпорации» Азамата Кашаганова, к ним на сегодняшний день поступило 195 заявок на сумму 4,8 млрд тенге, по 106 заявкам на сумму 3,0 млрд тенге финансирование уже выделено.

«Проблем с финансовыми средствами нет. Заявки рассматриваются с ноября прошлого года, с того же времени выделяются и деньги. Разъяснительные работы с земледельцами проводятся на постоянной основе. Добавлю, что крестьянские хозяйства теперь у себя в «личном кабинете» единой базы субсидирования будут вводить объемы посевов и полученного урожая. Если полученный урожай два года подряд будет низким, то на третий год крестьянское хозяйство может и не получить субсидии», - отметил Азамат Кашаганов.

В целом весенне-полевые работы ведутся в соответствии с планом, ход которого находится на постоянном контроле.

Алма УРАЗАЕВА

ИТОГИ РАБОТЫ

ПРОВЕДЕНО 89 АУДИТОРСКИХ
МЕРОПРИЯТИЙ

Департаментом внутреннего государственного аудита по области Жетісу в 2024 году проведено 89 аудиторских мероприятий. По их результатам общая сумма выявленных нарушений составила 13 511,7 млн тенге, в том числе: финансовые нарушения – на 6 318,0 млн тенге, нарушения процедурного характера - 7 193,7 млн тенге.

Из установленных сумм финансовых нарушений к возмещению подлежит 597,6 млн тенге, из которых возмещено 161,5 млн тенге; к восстановлению - 726,3 млн тенге, из них вос-

становлено 297,5 млн тенге и отражению по учету – 4 994,1 млн тенге.

По итогам проведенных 23 аудитов соответствия законодательству о государственных закупках охвачено 55 процедур государственных закупок на общую сумму 1 098,0 млн тенге, в которых выявлены нарушения законодательства о государственных закупках, в том числе повлиявшие на итоги по 51 процедуре на сумму 1 081,6 млн тенге.

В целях устранения выявленных нарушений и рассмотрения ответственных лиц, допустивших их, объектам аудита направлено 87 предписаний, из них исполнено 72 предписания, по 4 материалам возбуждены уголовные дела.

В 2024 году по требованию прокуратуры работники департамента привлечены к проверкам в качестве специалистов, по которым составлено 33 заключения и установлены нарушения на общую сумму 679,6 млн тенге.

Кроме того, в целях повышения прозрачности управления средствами и оперативного выявления возможных нарушений в режиме реального времени проведен онлайн мониторинг выплаты заработной платы, по итогам которого по 24 рисковому платежам на 23,0 млн тенге нарушения не подтверждены, по 4 рисковому платежам на 3,4 млн тенге направлены уведомления на устранение нарушения.

Ж.ШАЙМЕРДЕНОВ,
руководитель отдела планирования,
анализа, отчетности и контроля качества



Жаңашылдық пен жасампаз рухтың жаршысы

Наурыз мерекесі - тағылымдық мәні зор жалпыхалықтық мейрам. Рухани байлығымыз бен ұлттық колоритіміздің айқын көрінісі. Міржақып Дулатұлы «Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін Ораза, Құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол – Наурыз. Қыс бойы ақ кебінін жамылып, өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да, көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге саяды»-деп мейрам мәртебесін айшықтайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Өз-Наурыз – жаңашылдық пен жасампаз рухтың жаршысы. Осы күндері Жер-ана қайта түлеп, тіршілік атаулы түгел жанданады. Тағылымы мол бұл мереке – жаңару мен жаңғырудың, адам мен табиғат арасындағы үндестіктің, келісім мен татулықтың алтын арқауы. Халқымыз қашанда жыл басын ізгі ниетпен, үкілі үмітпен, ақ жарма тілекпен қарсы алады» – деген болатын. Жыл басы Талдықорғанда айрықша сән-салтанатпен аталып өтілді. Осы күні Талдықорғандағы

«Жастар» саябағы маңында киіз үй тігіліп, салт-дәстүр көрсетілді, спорттық жарыстар, палуандар арасында қазақ күресінен «Талдықорған барысы» жарысы, қазақ халқының және облыста тұратын өзге де ұлт пен ұлыстардың этно-мәдени көрмесі, «Шеберлер ауылында» қала кәсіпорындарының қатысуымен «Қазақстанда жасалған» көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Сахнадағы мереке облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың құттықтауымен басталды. Облыс әкімі өз сөзінде соңғы жылдары Наурызды халықты біріктіретін, қоғамды ұйыстыратын ортақ құндылық ретінде орнықтыруға баса назар аударылып отырғанын атап өтті. Елімізде Наурызды тойлау он күнге созылғанын, сөйтіп мейрамның ауқымы кеңейіп, мәні тереңдей түскенін тілге тиек етті. «Наурыз мерекесі – бізге мыңжылдықтардан мирас болған халқымыздың айрықша мұраларының бірі. Наурызды мерекелеу аясында облысымыздың түкпір-түкпірінде 230-дан астам сан түрлі іс-шара өткізілуде. Наурыз күндері 5 мыңға жуық ағаш отырғыздық. Көмекке мұқтаж жандарға қайырымдылық акциялары ұйымдастырылды. Мұндай шаралар жыл бойы үздіксіз жалғасып келеді. Бұл – біздің Жетісу халқының ынтымағының айқын көрінісі», - деді Б.Исабаев. Айта кетейік, мерекелік шараларда быыл мерейтойы аталып өтілетін тарихи тұлғалардың еңбегі кеңінен дәріптелді. «Бақтыбай Жолбарысұлы ауылы», «Шоқан Өлханов ауылы», 180 жылдығына орай «Абай Құнанбайұлы ауылы», 120 жылдығына орай «Қанабек Байсейітов ауылы», 95 жылдығына орай «Әнуар Өлімжанов ауылы», 80

жылдығына орай «Жұматай Жақыпбаев ауылы» және «Құман Тастанбеков ауылы» тігіліп, онда көрнекті тұлғалардың өмірі мен елге сіңірген еңбегіне арналған көрмелер ұйымдастырылып, театрландырылған көріністер қойылды. Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Достық ауылы» киіз



үйінде ұлт пен ұлыстар достығы кеңінен айшықталды.

Ақмарал Әстай, қала тұрғыны:

– Тарихы тереңнен бастау алып, ұлтымыздың ұйытқысына айналып, еліміздің болмысын айшықтайтын төл мереке – өз-Наурыз құтты болсын! Жыл басы дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сәгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Көктемгі жалаңарудың, ақ пейіл мен татулықтың нышаны, өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Біз әр күніміз өсу мен даму үшін мүмкіндік туғызатын, ырыс-берекеміз нығайған, жастары жалын қанатын кеңге жайған елде өмір сүріп отырмыз. Барлық игілікті істер табыспен аяқталып, жемісті еңбек тек қана қуаныш әкелсін. Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін! Бастысы, Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН – « НАУРЫЗ – КЕРУЕН »



21 наурыз – «Ынтымақ күні» облыс орталығы Талдықорған қаласында ерекше салтанатпен аталып өтті. Бұл күннің идеясы-жалпы халық бір-біріне деген сый-құрметтерін арттырып, татулық пен бірлік насихатталды. «Наурыз-керуен» шарасына облыс бойынша 3200-ден аса адам қатысты.

Қазақ халқы ежелден береке-бірлігін бекемдеп, ынтымағы мен татулығын ту еткен дана халық. Сондықтан бұл күн халқымыз

үшін айрықша мәнге ие болмақ. «Самарқанның көк тасы», «тәңірлік тасы», «Самарқанның көк тасы еріген кез» деген сөздер өткен өмірдің табиғи бейнесін, оның көріністерін бойына сыйдырып тұр. Күн мен түннің теңесетін шағы, қыстан қысылмай шыққан елдің бірін-бірі көрісуі қуанышты сәтке баланған. Талдықорғанның орталық алаңынан жылжи отырып, көш-керуенде түйеге, ат арбаға мінгендер, салт аттылар, жаяу жүргендер – ұлттық киім киген жалпы саны 1200-ден астам адам «Жастар» саябағына бет алды.

Көш керуеннің құрамында еңбек ардагерлері, мәдениет қызметкерлері, зиялы қауым, жұмысшы мамандықтар иелері, этномәдени және жастар бірлестіктерінің өкілдері, спортшылар, құсбегілер, итбегілер, еңбек ұжымдары, қала тұрғындары болды.

Керуенге қатысушылардың арасында А.Мүсірепов те бар:

– «Жастар Ассамблеясы» филиалының мүшесімін. Бүгін Наурыз керуенінің құрамында Мемлекеттік Туды ұстап жүру

мәртебесі маған тигеніне шын жүректен қуандым. Орталық алаңнан «Жастар» саябағына дейін Туымызды тік көтеріп алып жүреміз. Наурыз – ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын ерекше мерекеміз. Сондықтан оған атсалысу – ортақ міндет.

– Наурызға арнайы дайындалып, қазақша киімімізді киіп, орталық алаңға келдік. Ұлттық дәстүріміз ұлықталатын сәт осындай шаралардан көрінеді. Жыл сайын ұжымымызбен Наурыз мерекесінен қалмаймыз. Қазір салт-дәстүріміз жаңаша жаңғырғанын көріп қуанып тұрмын. Алаңға немерелеріммен келдім. Олар да осындай салтанатты көріп, өнеге алсын, - деп ойын білдірді қала тұрғыны А.Сүлейменова.

Орталық алаңда керуенді Д.Рақышев атындағы филармонияның М.Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі ұлттық әуендермен шығарып салса, оларды «Жастар» саябағында «Жетісу сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблі жыр шашумен қарсы алды. Іс-шара концерттік бағдарламамен жал-

ғасты. Ата-бабаларымыз үлкен мен кіші арасындағы сыйластықты, кешіріммен қарауды, ұрпаққа өнеге болатындай іс істеуді, даналық пен ұлағаттылықты ұстанған. Мұсылмандар 21 наурыз күнгі түнде Қызыр (Қыдыр) баба келеді деп сенген. Жаңа жылға, жаңа күнге, жаңа таңға көрісіп, жаңа нұрға шомылған халық бұл түнді «Қызыр түні» деп те атаған. Яғни «ырыс түні». Сондықтан ертедегі адамдар бұл түні ұйықтамай Жаратқанға құлшылық жасап, ырыс пен береке, ынтымақ пен бірлік тілеген. Ұлыстың ұлы күні Қыдыр баба әр шаңыраққа келіп, ырыс-дәулет сыйлайды деген ұғым қалыптасқан. «Жастар» саябағына жеткен керуенді желмаяға мінген Қыдыр баба бастап келді. Жиналған жұртшылыққа ақ батасын берді. Жасқа жас қосылып, жуанның жіңішкеріп, ұзынсары келген шақта тойланар Наурыздың онкүндігі өнерпаздардың мерекелік концертіне ұласты.

Данагүл ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ ӘЗ-НАУРЫЗ АУЫЛДАРДА ТОЙЛАНДЫ

Талдықорған төрінде әз-Наурыз мейрамы Өтенай және Еркін ауылдық округтерінде тойланды. Қала әкімі Ернат Бөзіл ауыл тұрғындары мен қонақтарын айтулы күнмен құттықтап, ақжарма тілегімен жалғады.

Ұлыстың ұлы күнін атап өтуге келген ауыл халқының көңілдері де шат-шадыман. Әуелеген ән айтылып, күмбірлеген күй шертілді.

Ауыл жұртшылығы бір-біріне ақжарма тілектерін айтып, наурызкөжеден дәм татып, түрлі ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өтті. Салтанатты шара «Талдықорған әуендері» ансамблінің өнерпаздары және бүлдіршіндердің мерекелік концерттік бағдарламасына ұласты.



ЖҰМЫСЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

«ҚАЙНАР АҚБ»: 150 ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛМАҚ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бөзіл қаламыздағы ең ірі кәсіпорындарының бірі «Қайнар АҚБ» ЖШС-нің өндірісін кеңейту жұмысының барысымен танысты.

Қала басшысы кәсіпорынды аралап, атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, алдағы жоспарларын көріп, жұмыстарына сәттілік тілеп, мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетуге әзір екендігін жеткізді.

ЧЕЛЛЕНДЖ

БІРНЕШЕ КҮЙ ШЕРТІЛДІ

Наурыз мерекесіне орай өткізілген «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджіне 26 мыңнан астам оқушы мен колледж студенттері, педагогтер мен ата-аналар қатысып, олар бірігіп бірнеше күй тартты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап хабарлаймыз.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылған челленджде Құрманғазы

Айта кетсек, аталмыш кәсіпорын өзінің жаңа қосалқы өндіріс ошағын іске қосқан жағдайда жылына стационарлық аккумуляторлық батареялардың 100 мың данасын шығармақ.

Сонымен қатар, кәсіпорын қосымша тағы 150 жаңа жұмыс орнын ашпақшы.

Кәсіпорынның жаңа өндірісін іске қосу мерзімі ағымдағы жылдың екінші тоқсаны деп жоспарлануда.

Сағырбайұлының «Балбырауын», «Адай» және Әбдімомун Желдібаевтің «Ерке сылқым» күйлері орындалды.

Талдықорған қаласындағы музыкалық шарада 300 домбырашы Оқушылар сарайының маңындағы алаңға жиналып күй тартты.

Іс-шара қазақ халқының ұлттық аспабы домбыраны, ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында өткізіліп, оған 8 аудан мен 2 қаладан бір мезетте 26 мыңнан астам домбырашы қатысты.




ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ «ТАЗАРУ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СЕНБІЛІГІ

Наурызнаманың 10 күнжігінің соңғысы тазалыққа бағытталған. Осыған орай облыс орталығында сенбілік өтіп, тазалық акциясы ұйымдастырылды. Оған Талдықорғандағы бірқатар мекеме өкілдері, қаланың коммуналдық қызметі мен еріктілерден жасақталған 1000-ға жуық адам қатысты.

Шараға 10-нан аса техника тартылып, қала аумағындағы саябақтар мен скверлер күл-қоқыстан тазартылды. Тазалық шарасы аясында 5 саябақ, 40

скверде тазарту жұмыстарымен қатар ағаштарды өктеу, арықтарды тазарту және құс ұясын ілу секілді игі істер атқарылды.



КӨКТЕМГІ САНИТАРЛЫҚ ТАЗARTY ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Көктем айының басталуымен Талды қаламыздың коммуналдық қызметі қаланы ауқымды санитарлық тазалауға кірісті. Мәселен, көпірлер, ескерткіштер, тротуарлар, жол белгілері, аялдамалар жуылды, скверлер, саябақтар, арық жүйелері қоқыстардан тазартылуда.

Қазір арнайы техниканың және коммуналдық мекеме қызметкерлерінің көмегімен жол жиегі, тротуарлар мен жол жабындарын инертті материалдардан тазалау жұмыстары басталды.

Іс-шараға 35 арнайы техника бірлігі және 200-ден аса дала еңбеккерлері жұмылдырылды.

Айта кетейік, сәуір айынан бастап қаламызда жалпықалалық сенбіліктер ұйымдастырылып, өзен маңайы да күл-қоқыстан тазартылмақ.

(Қала әкімінің баспасөз қызметі материалдары негізінде дайындалды)

МӘДЕНИЕТ ӨНЕР – ЖҮРЕКТІҢ ІСІ

«Өнер – дүние тұрғанша тұратын ерекше құбылыс. Білектің емес, жүректің ісі». Жыл сайын 27 наурызда барша сахнагерлер кәсіби мерекелерін атап өтеді. Б.Римова атындағы драма театры облысымыздағы айрықша орны бар, өзіндік тарихы бар өнер ордасы. Сондықтан, бұл тек актерлардың ғана емес, күллі халықтың мерекесі деуге болады. Осы орайда театр қызметкерлері төл мейрамына орай баспасөз мәслихатында жаңалықтарымен бөлісті.



Жиын барысында театр директоры Ерлік Жуасбек «Биыл – Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театры үшін ерекше жыл. Біз еліміздің мәдени-өнер кеңістігінде өз орнын қалыптастырған театрдың 50 жылдық мерейтойын атап өткелі отырмыз. Бұл – жарты ғасырлық тарих, өнер жолындағы үлкен белес. Бұл айтулы датаны жоғары деңгейде атап өту мақсатында бірқатар маңызды іс-шаралар ұйымдастырылмақ. Атап айтар болсақ BIKEN FEST III халықаралық театр фестивалі өтеді. Бұл фестиваль отандық және шетелдік театрлар арасында шығармашылық байланыс орнатуға, театр өнерін дамытуға тың серпін беріп келеді. Күз айларында театр ардагерлерінің мерейтойлық апталығы өтеді. Осы апталық аясында театрдың дамуына зор үлес қосқан ардагер актерлерімізді құрметтеп, өнердегі жолын дәріптемекпіз. Мерейтой аясында біз үшін аса маңызды қадамдардың бірі – театрға академиялық мәртебе беру туралы біз ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне өтінім жібердік. Бұл мәртебе театрдың өнер саласындағы биік дәрежесін мойындап, әрі болашақ даму жолында жаңа мүмкіндіктер ашар еді»-деді. Айта кетейік, өнер ұжымы жуырда «Беу, қыздар-ай» комедиясын жетісулық көрермен назарына ұсынбақ. Сонымен қатар, жылдың соңына дейін Фагит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасын қайта жаңғыртып, жаңа буын әртістермен сахналауды жоспарлап отыр. Ерлік Тілеуқұлұлы «Бұл – 50 жыл бұрын театрымыздың шымылдығын ашқан алғашқы спектакль еді. Сол себепті оның жаңартылған нұсқасы біздің мерейтойымызға үлкен сый болмақ»-деп атап өтті. Сондай-ақ, сәуір айында Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық академиялық қазақ драма театрының 90 жылдығына орай ұйымдастырылар «Сырдың Сәбирасы» I Халықаралық театрлар фестиваліне қатысады.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТ БЕЙНЕСІ



«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» - деген ұлы ағамдар. Сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ұлттық киімдер әлі де өз құндылығын жоғалтпау бүгінге трендке айналып келеді. Наурызнаманың он күнжігі аясында «Ұлттық киім күні» еліміз бойынша былтырдан бері екінші рет тойланып отыр.

Осы орайда, Жетісу облысының Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі «Ұлттық киім – ұлт бейнесі» тақырыбында көрме құрды. Көрмеге жалпы саны 40-қа жуық экспонат қойылды. XIX ғасырдан жеткен ер адамдарға арналған түлкі жағалы сең-сең ішік, қой терісінен жасалған ішік, қасқыр ішік, пұшпақ ішіктермен қатар сең-сең тымақ, қаракөл тымақ, түлкі тұмақ, актриса, Қазақ КСР-нің халық әртісі Бикен Римованың сахналық киімдері қойылды. Сондай-ақ, талдықорғандықтар қараған кезде көздің жауын алатын «Қасаба» тігін фабрикасынан шыққан замауи кимешек түрлері де көпшілік назарына ұсынылды.

Жалпы қазақ кимешегінің тарихи, философиялық, тәрбиелік мәні өте зор. Әр кимешекке қарап әйел адамның жас мөлшерін, абыройын, дәрежесін, шыққан тегін, әулетін, тіпті қанша құрсақ көтергенін бағамдауға болған. Сондай-ақ, киелі кимешектің ана мен бала денсаулығы, тазалығы үшін де маңызға ие.

Шара барысында қазақ кимешегін насихаттап жүрген журналист, Жетісу облыстық мәслихатының депутаты Гүлназ Мұстафа кимешекті киелі деп санайтынын, көпшілік қызығушылықпен қарайтынын айтты.

Қазақтың ұлттық киімдері өз ерекшелігімен, сәнімен және функционалдығымен жоғары бағаланады. Әрбір киімнің артында терең мәдени мағына, тарих және рухани құндылықтар жатыр.

Қалқаман АБДРАХМАНҰЛЫ,
ақын, журналист, Жетісу облысының
Мұхамеджан Тынышбайұлы
атындағы тарихи өлкетану музейінің редакторы



Наурыз мейрамының қарсаңында Жеңістің 80 – жылдығына орай ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің бастамасымен еріктілер кеңесінің консультативтік кеңесші тобы Талдықорған қаласында тұратын тыл ардагерлерінің шаңырағында болып қайтты.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінен Ержан Нұржанұлы, Жетісу облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Мәди Шәкенов тыл ардагерін құттықтады.

Ең алдымен тыл ардагері, 92 жастағы Владимир Хлебниковтың шаңырағына барды. Қария келген қонақтарға соғыстан кейінгі қиыншылықтар, еңбек жолы турасында айтып берді. Темірден түйін

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Биыл адамзат тарихындағы ең қасіретті екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толады. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ.

Соғыс кезінде Қазақстан тылдың негізгі тірегіне айналғандығы белгілі. Сол ауыр жылдар қазақстандықтардың еңбегі, шыдамы мен бірлігін сынға салды. Еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін «Майдан үшін, Жеңіс үшін» - деп тер төкті. Соғыс балалары атанған бүгінгі қарияларға балалық болмады.

түйген ұста қаладағы ірі кәсіпорындарда, мәселен, нан комбинатында ұзақ жыл жұмыс жасаған. Бүгінде қария әлеуметтік қызметкер Гүлмира Құрманғалиеваның қарауында. Тыл ардагері ас-суын дайындап, үйдегі шаруаларына қолғабыс етіп жүрген әлеуметтік қызметкерге алғысын білдірді.



